



Ақмешіт

12 сәуір
сейсенбі
№29 (1834)
2022 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Бүгінде қаладағы иесіз иттер жұрттың мазасын қашыруда. Жалғыз бізде емес, еліміздің әр түкпірінде итке таланған талай адам емханадан ем іздеді. Оны күнделікті өмірде көріп те, естіп те жүрміз. Қазір қаламыздың кейбір көшелеріне шыға қалсаңыз төбеті, овчаркасы, шатысы бар, басқасы бар өріп жүр. Әлеуметтік желіні аша қалсаңыз да сол. Онда да қаңғыған қабаған иттің шапқаны туралы хабар жетерлік.



ҚАҢҒЫҒАН ИТТИ ҚОРҒАЙТЫН ЗАҢ БАР, АЛ АДАМДЫ ШЕ?

«Ит – адамның досы». Дегенмен иесіз қалған, аш-құрсақ ит бір-ақ сәтте өзіне тап беруі ғажап емес. Баланы былай қойғанда бүгінде ересек адамның өзі жалғыз жүруден тартынады. Өйткені бұралқы иттердің қай бұрыштан тап берерін кім білсін?!

Міне, ел осылай алаң болып жүргенде, тиісті шаралар неге қолға алынбай жатыр деген сұрақ ойға орала берді. Содан не керек, тиісті сала мамандарына хабарласып, қажетті шаралардың неге істемей жатқанынан хабарлар болдық. Мәселе неде дейсіз ғой? Мәселе «Жауарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заңда. Басынан тарқатып өтейік.

4 БЕТТЕ

Қызылорда қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Бауыржан ОСПАНОВ:

ЖЕКЕ ТАСЫМАЛДАУШЫЛАР ЭЛЕКТРОНДЫ ТӨЛЕМ ҚҰРЫЛҒЫСЫН ОРНАТУДАН БАС ТАРТУДА

▲ Ақмарал ОЛЖАБАЕВА

Қай кезде де коммуналдық саланың орны бөлек. Себебі қаланың қайнаған тіршілігінде тұрғындардың жарығы сөніп, суы тоқтап, жолы жөнделмесе де осы саланың қызмет сапасы сыналады.

Халықтың арыз-шағымының басым бөлігі де коммуналдық салаға бағытталады. Осы орайда қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Бауыржан Оспановпен сұхбаттасқан едік.

2 БЕТТЕ



МҰРАҒА КІТАП ҚАЛДЫРҒАН...



Бүгінде үйінде кітап жинайтындар сирек. Кітаптан гөрі қымбат жиһаз толтырумен әлек болған заманда рухани жұтаудың байқалатыны шындық. Үйінің бір бөлмесін кітапхана жасаған қала тұрғыны туралы естігенде елен ете қалдық.

Ұрпағына кітапхана қалдырған Әлиаскар Жамалұлы өмірінің соңына дейін 2000-нан аса кітап жинап, Шекспирдің «Кітап маған тактан да қымбат» деген сөзін тағы бір мәрте дәлелдеген жан. Өзі өмірден өтсе де, артында қалған қымбат қазынаны жары Фатима мен ұлы Абзал көзінің қарашығындай сақтап отыр. Тасбөгет кентінде тұратын бұл отбасындағы рухани байлық көздің жауын алады. Құдды кітапханаға енгендей күй кешесің. Үйдегі үлкен бөлменің бір қабырғасы түгелімен кітап сөресі. Үй иесінің айтуынша, бұл тек жартысы ғана. Мұндағы кітапты көріп, көңілің марқайып, басқаша сезімде боласың.

2 БЕТТЕ



МҰҒАЛІМ МӘРТЕБЕСІНЕ ЛАЙЫҚ ПА?

Мұғалім мәртебесі туралы сөз қозғалғанда Мағжан Жұмабаевтың «Алты алаштың басы қосылса төртегі орын мұғалімдікі» деген сөзі еске түседі. Осыған қарап-ақ мұғалімнің қоғамдағы орнының қаншалықты маңызды екенін түсінуге болады. Бірақ қазіргі қым-қуыт заманда мұғалім өз бағасын лайықты алып жүр ме? Мұғалімнің бүгінгі бет-бейнесіне қарап олай айта алмасак керек-ті. Жасырын емес, кешегі Кеңес Үкіметі кезіндегі мұғалім мен бүгінгі мұғалімнің арасы жер мен көктей.

3 БЕТТЕ



